

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
ортанғы топ
Ақпан айы 2023 жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; солға, онға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); отырып құм салынған қашықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшениң (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) тепе-тендікті сақтап жүру, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Заттарды он және сол қолмен қашықтыққалақтыру (2,5-5 метр қашықтық), edenge қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) құрсаудан құрсауға секіру Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p>

Күндөлікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау және көзтің тәсілдерін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуынан кейін құрғатып сүртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынганинан кейін құрғатып сүртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, үқыншылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қымылды ойындар) мен үйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.

Сөздік қор.

Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және отken шақта қолдануды үйрету

	<p>Байланыстырып сөйлеу. ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету</p>
Көркем әдебиет	<p>Шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: өтінішін, ырзашилығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру Шама. салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа сөздерімен белгілеу. Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>

Құрастыру	Құрастырылатын құрылышты қарапайым сыйбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылышын талдауға баулу.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сүртіп кептіруді үйрету Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мұсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулуды жалғастыру. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеуге үйретуді пысықтау.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Музыка	Музыка тындау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне ілесе отырып ән айтуды үйрету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспап барабанмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.

Бала, оның отбасы, үйі.

отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету

Заттық әлем.

Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегендеге белсенді қолдану

Көлік, байланыс күралдары.